

Ата-аналар комитеті жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 1

№ 25 орта мектеп

Қожабақы ауылы
29 тамыз, 2023 жыл

Қатысқандар: 1-11 сыныптың сынып жетекшілері, Ата-аналар комитетінің мүшелері, Мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

№ 25 мектепте жаңа 2023-2024 оқу жылының басталуы, 5 күндік оқу аптасына сәйкестеп сабақ уақытын, сабақ кестесін бекіту

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Т.Әбжәлел

Жаңа оқу жылы құттықтап, ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырды. 2022-2023 оқу жылының басталуы, сабақ кестесінің жасалуы мен сабақ регламенті талапқа сай жасалады.

Мектеп директорының оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Қ.Қуандықов

2023-2024 оқу жылындағы сабақ кестесі, сабақ регламентін ата-аналарға таныстырды

Мектеп бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы: А.Орынбасарова

Биылғы оқу жылынан бастап, ата-аналар комитетінің төрайымы болып жатырмын. Сенімдеріңізге рақмет. Алдағы уақытта үштік одақ бірлесе тығыз жұмыс жасаймыз деп ойлаймын. Мектеп әкімшілігінің білім стандартына сәйкес жасап жатқан сабақ кестесі мен сабақ регламентімен келісемін. Балаларымыздың саналы, тәрбиелі болуына менде ата-ана ретінде өз үлесімді қосамын.

Ата-ана: Бахибаева Жанаркүл: Осы мектепте қаншама түлектер білім алып шықты. Менінде балаларым бітірді және оқып жатыр. Сабақ кестесі, сабақ регламенті талапқа сай жасалынса өзім осы мектепте жұмыс жасаймын, көріпте жүрмін. Менде ата-аналардың сөзіне қосыламын.

Ата-ана: Ашықбаева Гүлзира: Мен өз басым мектеппен тығыз байланыстамын. Жиналыстарға қалмай келіп қатысамын. Ата-ана ретінде, салалас маман ретінде араласамын. Жаңа оқу жылында жаңа өзгерістер жағымды жаңалықтар күтеміз. Сабақ кестесі, сабақ регламенті осы кезге дейін дұрыс жасалынған деп ойлаймын. Әрі қарай да жалғасын табады. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Ата-аналар комитетінің қалған мүшелері де айтылған ой-пікірлерге қосылатындығы жөнінде өздерінің ойларын білдірді.

Ата-аналар комитетінің мүшелері қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңдары стандарттарын қатаң сақтай отырып, бала құқығын қорғауды назарға алып, 5 күндік оқу аптасының сабақ кестесін дұрыс жасау мектеп басшылығынан сұралсын.
2. Сабақ регламенті екі сабақтан кейін және 4 сабақтан кейін ІІ ауысымда да 15 минуттан үзіліс жасалынсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



Т.Әбжәлел

А.Орынбасарова